

Шымкент қаласының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың әдістемесін бекіту туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 1448 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2025 жылғы 2 сәуірде № 235-17 болып тіркелді

"Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына және "Өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2024 жылғы 6 қарашадағы № 525-НҚ (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35356 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шымкент қаласының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың әдістемесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулыны Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Шымкент қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

Г. Сыздықбеков

Шымкент қаласы
әкімдігінің 2025 жылғы
"1" сәуірдегі
№ 1448 қаулысына
қосымша

Шымкент қаласының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың әдістемесі

1. Осы Шымкент қаласының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Масс-медиа

туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау алгоритмін белгілейді.

2. Шымкент қаласының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құны (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет) бұқаралық ақпарат құралдарының көрсетілетін қызметінің әрбір жеке түрі үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің базалық бағасына қарай айқындалады.

Көрсетілетін қызметтің әрбір жеке түрі бойынша базалық бағасы осы Әдістемеге қосымшаға сәйкес айқындалады.

3. Мерзімді баспасөз басылымдарында көрсетілетін қызметтің құны мынадай формула бойынша айқындалады:

1) газеттер үшін $P_n = V_n \times V \times K_q$ формуласы бойынша, онда:

P_n (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, газеттерде көрсетілетін қызметтің құны;

V_n – газетте орналастырылатын, бір см² көрсетілетін қызметтің базалық бағасы;

V – газетте орналастырылатын, см²-мен есептелетін көрсетілетін қызметтің көлемі;

K_q – газет таралымына түзету коэффициенті:

200 000 данаға дейін – 1,3;

100 000 данаға дейін – 1,15;

50 000 данаға дейін – 1;

30 000 данаға дейін – 0,9;

20 000 данаға дейін – 0,8;

10 000 данаға дейін – 0,65;

5 000 данаға дейін – 0,5;

2) журналдар үшін $P_m = V_m \times V \times K_q$ формуласы бойынша, онда:

P_m (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, журналдарда көрсетілетін қызметтің құны;

V_m – журналда орналастырылатын, бір см² көрсетілетін қызмет үшін базалық баға;

V – журналда орналастырылатын, см²-мен есептелетін көрсетілетін қызметтің көлемі;

K_q – журнал таралымына түзету коэффициенті:

15 000 данаға дейін – 1,2;

10 000 данаға дейін – 1,1;

8 000 данаға дейін – 1;

5 000 данаға дейін – 0,9;

3 000 данаға дейін – 0,8;

1 000 данаға дейін – 0,7.

4. Интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны $P_i = V_i \times V \times K_q$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_i (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны;

V_i – интернет-ресурста орналастырылатын көрсетілетін қызметтің бір таңбасының, секундының, минутының, данасының базалық бағасы;

V – интернет-ресурста орналастырылатын көрсетілетін қызметтің символдармен, секундтармен, минуттармен, даналармен есептелетін көлемі;

K_q – бірегей пайдаланушылардың интернет-ресурсқа кіруінің орташа айлық санын есепке алуға арналған түзету коэффициенті:

айына 500 000 кірушіге дейін – 1;

айына 1 000 000 кірушіге дейін – 1,1;

айына 2 000 000 кірушіге дейін – 1,2;

айына 5 000 000 кірушіге дейін – 1,3;

айына 5 000 000 кірушіден астам – 1,4.

5. Телевидениеде көрсетілетін қызметтің құны $P_{tv} = V_{tv} \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_{tv} (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, телевидениеде көрсетілетін қызметтің құны;

V_{tv} – телевидениеде орналастырылатын көрсетілетін қызметтердің бір секундінің, минутының, сериясының базалық бағасы;

V – телевидениеде орналастырылатын, секундтармен, минуттармен, сериялармен есептелетін көрсетілетін қызметтің көлемі

Егер өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру кезінде телевидениеде көрсетілетін қызметтерді жанрлар бойынша бөлу ескерілмеген жағдайда, телевидениеде көрсетілетін қызметтердің құны базалық баға (V_{tv}) бойынша есептеледі.

6. Радиоарнада көрсетілетін қызметтің құны $P_r = V_r \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_r (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, радиоарнада көрсетілетін қызметтің құны;

V_r – радиоарнада көрсетілетін қызметтердің бір секундының, минутының базалық бағасы;

V – радиоарнада орналастырылатын, көрсетілетін қызметтің секундтармен, минуттармен есептелетін көлемі.

үшін сатып алынатын
көрсетілетін қызметтердің құнын
айқындаудың әдістемесіне
қосымша

Шымкент қаласының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің базалық бағасы

№	Қызметтердің атауы	Өлшем бірлігі	Базалық бағасы, теңге ҚҚС есебімен		
			2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл
Газеттер үшін базалық бағалар					
1.	Ақпараттық сипаттағы жаңалықтар, Мақала/сұхбат, талдау, лонгрид, арнайы репортаж, фоторепортаж, журналистік зерттеу, очерк, сарапшылардың түсініктемелері (В п) республикалық мерзімді басылымдар үшін	см2	364,5	364,5	364,5
2.	Ақпараттық сипаттағы жаңалықтар, Мақала/сұхбат, талдау, лонгрид, арнайы репортаж, фоторепортаж, журналистік зерттеу, очерк, сарапшылардың түсініктемелері (Вп) өңірлік деңгейдегі мерзімді басылымдар үшін	см2	216	216	216
Журналдар үшін базалық бағалар					
	Ақпараттық-талдамалық (репортаж, сұхбат, әңгімелесу,				

3.	мақала, корреспонденци я, рецензия, ш о л у), көркем-публици стикалық (эссе, очерк, фельетон, памфлет) (Bm)	см2	410	410	410
Интернет-басылымдар үшін базалық бағалар					
4.	Жаңалық хабарламасы (Bi) республикалық интернет-басыл ымдар үшін	таңба	90	90	90
5.	Шолу мақаласы (B i) республикалық интернет-басыл ымдар үшін	таңба	92	92	92
6.	Журналистік зерттеу (Bi) республикалық интернет-басыл ымдар үшін	таңба	94	94	94
7.	Жаңалық хабарламасы (Bi) өңірлік интернет-басыл ымдар үшін	таңба	6,5	6,5	6,5
8.	Шолу мақаласы (Bi) өңірлік интернет-басыл ымдар үшін	таңба	6,7	6,7	6,7
9.	Журналистік зерттеу (Bi) өңірлік интернет-басыл ымдар үшін	таңба	6,9	6,9	6,9
Телевидение және радио үшін базалық бағалар					
Телевизиялық арналарға арналған ақпараттық материалдар					
10.	Ақпараттық материал (жаңалық сюжеттерін) республикалық телеарналар үшін (Btv)	минут	363 537	363 537	363 537
	Ақпараттық материал (жаңалық сюжеттерін)				

11.	Шымкент қаласы аумағында таратылатын телеарналар үшін (Btv)	минут	9 464	9 464	9 464
12.	Ток-шоу (Btv) Шымкент қаласы аумағында таратылатын телеарналар үшін	минут	27 220	27 220	27 220
13.	Ақпараттық-талдамалық (танымдық бағдарламалар) телебағдарлама (Btv) Шымкент қаласы аумағында таратылатын телеарналар үшін	минут	18 658	18 658	18 658
14.	Ақпараттық материалды (телевизиялық бағдарламаларды) телебағдарлама (Btv) Шымкент қаласы аумағында таратылатын телеарналар үшін	минут	19 144	19 144	19 144
15.	Телеарналарда ақпараттық материалды (реалити-шоу) телебағдарлама (Btv) Шымкент қаласы аумағында таратылатын телеарналар үшін	минут	25 868	25 868	25 868
16.	Деректі фильмдер (Btv) әзірлеу және орналастыру Шымкент қаласы	минут	43 264		43 264

	аумағында таратылатын телеарналар үшін			43 264	
17.	Сурдоаударма бойынша көрсетілетін қызметтер (Btv)	минут	13 750	13 750	13 750
Бейнероликтер					
18.	Түсірілімсіз ақпараттық (Btv)	секунд	6 302	6 302	6 302
19.	Деректі түсіріліммен ақпараттық (Btv)	секунд	6 302	6 302	6 302
Анимация					
20.	Анимациялық 3D (Btv)	секунд	17 584	17 584	17 584
Радио үшін материалдар					
21.	Аудиоролик (Br)	секунд	583	583	583
22.	Ақпараттық сипаттағы жаңалықтар (Br)	секунд	209	209	209

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК